

5. Orazbaeva F.Sh Problemy kazahskogo iazykoznanija. Antologia.[ *Problems of Kazakh linguistics. Anthology*] - Almaty: "Kazahski iazyk", 2019. - 656. K1-kniga
6. Dautlebekova J. T. Nauchno - metodicheskie osnovy prepodavania kultury rechi na kazahskom iazyke v obşobrazovatelnyh şkolah: Avtoref.dis. ... kand. ped. nauk:[ *Scientific and methodological bases of teaching the culture of speech in the Kazakh language in secondary schools: Ph.D. ... author's ref*] - 13.00.02. - Almaty, 2008. - 44 s. avtoreferat-anotasia
7. Rauandina A. K. Formirovanie iazykovoi i funkcionälnoi gramotnosti uchaşihsä. Monografija.[ *Rauandina AK Formation of language and functional literacy of students. Monograph*] -Almaty. - "Balaua", 2018. 1650r. monografija – monografija.

МРНТИ 16.01.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.78>

Жапарова А.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

*Аңдатпа*

Тұрмыс-салт жырлары қазақ халқының бай рухани әлеуетін құрайтын негізгі фактор. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін қазіргі өмірімізге сай оқыту әдістемесінің өзі қазақ фольклористикасының өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Оны шешу жолдары қазіргі әдеби үрдістерге сай жүзеге асуы қажет-ақ.

Тұрмыс-салт жырлары мектептен бері оқытылатындығы рас. Мектеп деңгейіндегі оқыту бағдарламалары бір жүйеге келтірілген. Оны дамыту, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жақсы жолға қойылған. Қазақтың тұрмыс-салт жырларын оқыту арқылы бала тәрбиесінің ұлттық негізде қалыптасуына игі шаралар жасалып жаттыр және ол бір орында қатып қалған емес. Уақыт өткен сайын технологиялық жетістіктер негізінде соған сай деңгейде оқытуға көңіл бөлініп келеді.

Ал жоғары оқу орындарында қазақтың тұрмыс-салт жырларын оқыту туралы мәселе көтерілсе де, әлі күнге дейін оның нақты бағдары жасалмай отыр. Жалпы, ЖОО-да ауыз әдебиеті үлгілерін оқытудың өзі даулы мәселе. Бұның қаншалықты қажеттілігі бар деген мәселені біз осы мақаламызда қаузамақшымыз.

**Түйін сөздер:** тұрмыс-салт жырлары, фольклор, қазақ ауыз әдебиеті, ұлттық код, ұлттық бірегейлік, мәдени мұра

Zhaparova A.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abay Kazakh national pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

## RITUAL SONGS AND WAYS OF TEACHING THEM

*Abstract*

Traditional ritual songs are the main factor that makes up the rich spiritual potential of the Kazakh people. The very method of teaching samples of Kazakh oral literature in accordance with our modern life is becoming one of the urgent problems of Kazakh folklore. Ways to solve it should be carried out in accordance with modern literary trends.

It is true that traditional ritual songs are taught from school. Education programs at the school level are unified. Its development and training in various methods and techniques are well established. All possible favorable situations are created for the education and formation of the national spirit among schoolchildren through the teaching of traditional ritual songs. And this process does not freeze in one place, it moves forward. Over time, attention is paid to training at the appropriate level based on technological advances.

Although the issue of teaching Kazakh ritual songs was raised in higher educational institutions, but clear guidelines have not yet been developed. In General, the very training of oral literature samples in higher education is a controversial issue. The question of how necessary this is will be discussed in this article.

**Keywords:** ritual songs, folklore, Kazakh oral literature, national code, national identity, cultural heritage

Жапарова А.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

## ОБРЯДОВАЯ ПЕСНЯ И ПУТИ ЕЕ ПРЕПОДАВАНИЯ

### *Аннотация*

Традиционно-обрядовые песни являются основным фактором, составляющим богатый духовный потенциал казахского народа. Сама методика преподавания образцов казахской устной литературы в соответствии с нашей современной жизнью становится одной из актуальных проблем казахской фольклористики. Пути ее решения должны осуществляться в соответствии с современными литературными тенденциями.

Это правда, что традиционно-обрядовые песни учат со школьной скамьи. Программы обучения на школьном уровне унифицированы. Хорошо налажено их развитие, обучение различными методами и приемами. Создаются всевозможные благоприятные ситуации для воспитания и формирования у школьников национального духа посредством обучения традиционно-обрядовых песен. И этот процесс не застывает в одном месте, он движется вперед. Со временем уделяется внимание обучению на соответствующем уровне на основе технологических достижений.

Хотя в высших учебных заведениях поднимался вопрос об обучении казахским обрядовым песням, но пока не выработаны четкие ориентиры. В целом, само обучение образцов устной литературы в вузе является спорным вопросом. Вопрос о том, насколько это необходимо, мы будем рассматривать в этой статье.

**Ключевые слова:** обрядовые песни, фольклор, казахская устная литература, национальный код, национальная идентичность, культурное наследие

**Кіріспе.** Қазақстан тәуелсіздігінен кейін ұлттың руханиятына шын мәнінде еркше көңіл бөліне бастады. Соның басында қазақтың мәдени мұрасының түгенделіп, орны ойылып тұрған олқылықтардың ортасы толығып жатқандығы қуантады. Қазақтың ықылым заманнан бері бірге жасасып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілері жаңа дәуірде қайта жанданып, жаңаша түлеп, қазақ тіршілігінің айырылмас бөлшегіне айналып үлгерді. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің ірі көрінісі, ол, әрине, оның фольклоры болмақ. Фольклорлық бай мұраның қазақ танымындағы түйсігі оның халық болып қалыптасқаннан бермен қарайғы уақытта байып, толығып келеді. Оны байытатын да, дамытатын да халық.

Фольклор – тарихи құбылыс. Ол заманның талап-мақсатына, қоғамның тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайына орай қауымның рухани сұранысына сай өзгеріп, құбылып, трансформацияға түседі. Тарихи даму үдерісінде фольклордың қайсібір жанрлары, яки түрлері ұмытылып, ал енді бір түрлері немесе жанрлары жаңадан пайда болып, дамуы мүмкін. Сондықтан оның функциялары да өзгеріп отырады. Әсіресе, бұл айтылғандар ХХ, ХХІ ғасырлардағы фольклорға тікелей қатысты [1, 28].

Қазіргі қазақ ғылымында фольклордың тек қана сөз өнері тұрғысынан қарастырылып жүрген жәйі бар. Бұл ұстанымның қате екендігі айтылып-ақ жүр. Неге десеңіз, фольклор белгілі бір халықтың сөздік мұрасының ғана көрінісі емес, ол сондай-ақ сол халықтың салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының, наным-сенімінің, керек десеңіз, тұрмысқа қажетті түрлі нысандардың да (ғимарат, аула, ауыл, қала) бітісе қайнасқан айнасы екендігі пікір таластырып жүр. Егер біз фольклорды тек сөз өнері тұрғысынан ғана жіктеп, зерделейтін болсақ, ол тек этнолингвистикалық сипат алып кетер еді. Ал бұл дегеніңіз фольклордың қарымды дамуын тежеп, оның ғылыми зерттеу аясын тарылта түсетіндігі, сөйтіп, нақты қорытынды жасауға кедергі келтіретіндігі сөзсіз. Сондықтан, оның тұтас бір этномәдени сипат алуына ерекше мән бергеніміз жөн.

Біздің пікірімізше, фольклордың даму сатысына еш кедергі келтірмей, классикалық фольклордың үлгілерін қазіргі заман шарттарына ұйыстыра, сәйкестендіре отырып, оның дамуына жол ашуымыз қажет.

Кеңес Одағының ыдырауымен оның құрамындағы түрік халықтарының біразы тәуелсіздік алса, енді бірі тәуелді автономиялық республикалар құрды. Бұл оқиғаның өзі олардың өздерінің фольклорына ерекше ден қоюына итермеледі. Қалай дегенменде, олардың фольклорындағы ортақ мәселелер, ортақ сарындар жеткілікті деп білеміз. Түрік халықтарының этногенезінің өзі олардың ортақ мәдени құндылықтарының бір екендігінің дәлелі деп түсінген жөн.

Түрік жұрты туралы батыс зерттеушісі Хаммер былай дейді: «Түріктер мемлекетті қиратуға да, орнатуға да келгенде алдына жан салмайтын аса өміршең халық. Белгілі бір аймақтар түгілі, тұтас құрылықты астаң-кестең етіп жіберу оларға түк емес. Сол бір аласапыран жортуылдар үстінде мызғымас билік тұғырын орната білуші еді. Тарих түріктерден көп нәрсе үйренді. Олардың қолымен жасалған небір ғажайып туындылар мәдениет әлеміне әр беріп, түрлендіріп тұр деуге болады...» [2, 4-5 б].

Түрік халықтарының тарих сахнасындағы даңқты ерліктері мен олар жасаған мәдени мұра шын мәнінде әлемдік мәдениеттің ірі көрсеткішіне айналды деуге толық негіз бар. Солар жасаған мәдени мұраның басында фольклор келеді.

Түрік халықтары өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізгеннен кейін ауыз әдебиеті үлгілеріне ерекше ден қойды дедік. Оны зерттеуде жаңаша ұстанымдарға иек артты. Үстемдік құрып келген советтік идеологияның құрсауынан босап, өз тарихы мен мәдени мұрасын жаңаша пайымдауға кірісіп кетті. Осы уақытқа дейін түрік халықтары

фольклорының тек соцреализм тұрғысынан қарастырылып келген ғылыми тұжырымдары ендігі жерде ұлттық көзқарас тұрғысынан зерделене бастады. Сондықтан, қазақ фольклорыны да жаңашыл үдеріс үдесінен саралаған орынды болмақ.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Мақаланың методологиялық негізін қазақ тіліндегі материалдар құрап отыр, сонымен қатар шетелдік деректерге де, орыс тіліндегі мәліметтерге де көңіл бөлдік. Мақала жазу барысында оның өзектілігі, мақсаты ескеріліп, соған сай дереккөздерді талдау, сараптау және қорытындылау жүйесі бойынша жұмыс жасалды.

Қарастырып отырған мақаланың сыр-сипатын, өзектілігін жан-жақты ашу үшін отандық фольклорист-ғалымдардың зерттеулері негізге алынды. Оларды мақала жазу барысында ғылыми талдаудан өткізу - мақаланың басты міндеттерінің бірі болды. Олардың арасында айрықша қазақ фольклорының теориялық негізін қалаған зерттеуші, белгілі ғалым С.А. Қасқабасовтың Ж.Ә.Аймұхамбетпен бірге жазған «Қазақ фольклоры» (2019), М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1974), Б.Уақатовтың «Қазақтың тұрмыс-салт жанрларының типологиясы» (1983), ұжымдық монография «Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры» (2014), К.Әбілқасымова мен А.Тамаевтың «Қазақ фольклористикасы» (2007), ұжымдық монография болып табылатын «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988), ұжымдық монография «Қазіргі әдебиет және фольклор» (2009), ұжымдық монография «Қазақ фольклорының типологиясы» (2009), А.Токтабайдың «Түркі халықтарының этномәдениеті» (2006), А.В.Васильевтің «Образцы киргизской народной словестности» (1900), Б.Г.Ерзаковичтің «Песенная культура казахского народа» (1963), түріктің белгілі фольклорист-ғалымы Өзкүл Чобаноглының «Түркияда фольклорды оқытып үйретуде туындаған қиыншылықтар» (2001) атты мақаласы, А.С.Сатыбалдиннің «Қазақ фольклорының типологиясы және жанрларға саралау мәселесі» атты мақаласы (2019) және Н.Қанағатованың «Тұрмыс-салт жырларының ежелгі және заманауи нұсқаларының тарихи-мәдени контексті» (2020) атты мақаласы пайдаланылды.

**Талқылаулар мен нәтижелер.** Фольклор – синкретті, көпфункционалы руханият. Әуел баста тек қана утилитарлық-тәжірибелік және танымдық қызмет атқарған алғашқы фольклор үлгілері бірте-бірте тәрбиелік және көркемдік мақсатты көздейтін шығармаларға айналды [3, 21]. Кейін, уақыт өте фольклор өзінің қисынды даму сатысынан өтіп, эстетикалық нәр ала бастады. Фольклордың танымдық әрі эстетикалық сипаты өте күшті. Оны әсіресе тәрбиелік мақсатта қолданады. Жас ұрпақтың бойына ата-бабадан жалғасып келе жатқан рухани әдептерді сіңіруде фольклорға жетер ғылым жоқ. Дегенмен, фольклор өзінің жаратылысынан-ақ консервативті мәдениет деп есептеледі. Ол қоғамдағы өзгерістер мен тіршілік ағымына әркез ілесіп отырмайды, жедел өзгере қоймайды.

Қазақ фольклорының ең іргелі саласының бірі – тұрмыс-салт жырлары екені белгілі. Орыстың фольклорлық зерттеулерінде оны «бытовое песни», «обрядовые песни» немесе «традиционно-обрядовые песни» деп атап жүр. Қазақтың тұрмыс-салт жырлары өте бай және оның өзіндік классификациясы бар.

Мәселен, белгілі фольклорист-ғалым Ә.Қоңыратбаев тұрмыс-салт жырларын былайша жіктеп көрсетеді: а) бақташылық жырлар (төрт түлік мал туралы); ә) діни әдет-ғұрыптар тудырған жырлар (жарапазан, бәдік); б) үйлену жырлары (тойбастар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар); в) ұлыс жырлары; г) бөбек жырлары; д) жаназалау жырлары (естірту, қоштасу, жоқтау) [4, 71].

Ал зерттеуші А.Сатыбалдин тұрмыс-салт жырларын былайша классификациялайды: Салтқа қатысты фольклор немесе ғұрып фольклоры (Обрядовый фольклор). Ол ішінара былайша топталады: Тұрмыс-салт жырлары → Еңбек-кәсіп өлеңдері (төрт түлік мал туралы, аңшылық жыры, егіншілік жыры, наурыз жылы); Сәбиге арналған өлеңдер (бесік жыры, уату өлеңдері, ырым өлеңдері (тұсау кесу, майлау-сылау)); Үйлену салт өлеңдері (тойбастар, тойтарқар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар); Мұң-шер өлеңдері (естірту, көңіл айту, жоқтау, қоштасу); Әдет-ғұрып өлеңдері (алғыс, бата, амандасу); Ескі наным-сенім өлеңдері (бәдік өлең, арбау, жалбарыну, бақсы сарыны, дуалау, бал ашу, түс жору, ұшықтау (үшкіру, қағу), аластау, құрт көшіру, жың шақыру, күн жайлату, бұлт көшіру) [5]

Халқымыздың тұрмыс-салты, әдет-ғұрыпы түрліше наным-сенімдеріне арналған жырлар – тұрмыс-салт жырлары. Аталмыш жырлар көп жағдайда анонимдік түрде туып, халық арасында сақталып келген. Ол өзінің даму барысында түрлі сатылардан өтіп, заманына қарай түрленіп отырған.

Қазақтың тұрмыс-салт жырлары - өміршен жанр. Неге десеңіз, ол халықтың тұрмысында, өмір сүру дәстүрінде күнделікті кездесіп отыратын үдеріс. Халық бұл жырлардан алшақ қалмақ емес. Қандай заман орнамасын, қандай дәуірді бастан өткермейік, бәрібір біз осы жырларды пайдаланамыз, оны күнделікті өмір шартының бір белесі деп білеміз. Қарапайым өміріміздің, тіршілігіміздің қайнар көзі осы тұрмыс-салт жырлары екендігі айқын. Бала өмірге келіп, адам өмірден қайтып жататын кездерде тұрмыс-салт жырларына жүгінеміз.

Одан өзге бала балиғатқа толып, өмір өзеніне сүңгіп, өзінше отау құрып жатса да тұрмыс-салт жырларының көмегіне зәруміз. Қала берді, мал-жанымызға қарайлап, той-томалағымызды атқарсақ та тұрмыс-салт жырларының жанымыздан табылатыны анық. Сол себептен, тұрмыс-салт жырларының қазақ халқы үшін өзіндік орны бар.

Тұрмыс-салт жырлары белгілі бір халықтың дәстүрлі және рухани мәдениетінің негізгі компоненті болып табылады. Тіпті, белгілі бір дәрежеде, бір халықты екінші бір халықтан ерекшелеп тұратын маңызды этнографиялық факторы дер едік. Тұрмыс-салт жырлары ұлттық мерекелер тәрізді, халықтың ұзақ жылдар бойы жинастырған мәдени мұрасының нақты жиынтығы. Ол белгілі бір саяси-экономикалық формацияның тарихи өмірінің көрсеткіші, сондықтан белгілі бір ұлттың рухани әлемін қалыптастырады.

Әдет-ғұрыптар тарихы олардың қоғам мен жеке адамның өміріндегі маңызды оқиғалардың бейнелі-символдық, көркемдік-ауызша немесе музыкалық-поэтикалық көрсеткіші ретінде тұрақты мәнге ие екендігін байқатады.

Қазақтың тұрмыс-салт жырлары көне синкреттік формадан шығып, көркемдік түрге, эстетикалық нәрге бөленгені белгілі. Сондықтан оның жанрлық түрлері мен қоса формалық өзгерістері де бой көрсетіп жатады.

Қазақ фольклорын зерттеуші орыс ғалымдары олардың ішкі мәніне ғана емес, көркемдік нәріне де ерекше ден қойған. Жалпы, қазақ фольклорын зерттеуші орыс ғалымдары жетерлік. Оған сонау Г-Ю. Клапрот, Г.И.Спасский, В.Бартольд, В.Радлов, П.Паллас, И.Георги, Н.Рычковтан бастап кейінгі буын орыс, неміс шығыстанушыларының, қазақ жеріне айдалып келген түрлі ұлт өкілдерінің жазбалары куә. Олардың басым көпшілігінде қазақтың тұрмыс-салт жырларына деген қызығушылық жоғары болды. Оны зерттеп таразылаудан эстетикалық ләззат алды. Бір шетінен орыс зерттеушілері қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін Батыс жұртына таныстырып жатса, екінші жағынан әлемдік ғылымда сол зерттеулері арқасында тарихта қалып жатты.

Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері аталмыш ғалымдардың жазбасы арқылы батыстық түрлі басылымдарда жарық көріп жатты. Сол кездері, әсіресе, жолжазбалар «саяхатнама» (путешествие), «жазбалар» (записки), «сипаттама» (описание) деген атаулармен жеке кітап ретінде де, Батыс елдерінде, яки Ресейдің әр жерінде шығатын журналдар мен ведомстволарда жарияланып, ғылым әлемінде резонанстар тудырып отырды.

Қазақ даласы туралы осындай мәліметтер 1813-1814 жылдары Қоқан хандығына тілмәш болып барған Ф.Назаров деген кісінің жолжазбаларында кездеседі. Ол Қоқанға 1813 жылдың мамыр мен қазан айларының аралығында Орталық, Оңтүстік Қазақстан арқылы өтіп, қазақтың үйлену, өлген кісіні жерлеу салттары туралы деректер қалдырған. Ф.Назаровтың жолжазбасында қазақ тойы былайша суреттеледі: «Кешке қарай қырғыздар (қазақтар) өзен жағасына жиналды, күрес, жаяу жарыс болды, садақпен жамбы атты; біразы киіз үйдің жанында отырып домбыра тартты, ал жас қыздар түрлі киіз үйдің ішінде отырып, домбыраға қосылып ән салды. Шынымды айтайын, бұл әуен құлаққа тосын естілгенімен, тыңдаушылардың көңілін көтеріп, оларды баурап алды» [3, 24].

Тұрмыс-салт жырларының ауқымы мейлінше кең. «Тал бесіктен – жер бесікке» дейінгі адам ғұмырының барлық кезеңінде туындайтын оқиғалар желісінің нәтижесінде тұрмыс-салт жырлары өзінің бар екенін көрсете білді. Ол халықтық этнографияның да толық тұжырымы деп бағалаймыз. Өйткені, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, тұрмыстық түрлі жоралғылары мен кәделері тұрмыс-салт жырларында айқын көрініс табатындығы хақ.

Ендігі негізгі бір ірі мәселе ретінде аталмыш тұрмыс-салт жырларын болашақ ұрпаққа жеткізу мен үйрету ісі өткір тұр. Көптеген елдерде фольклорлық үлгілерді оқыту ісі дұрыс жолға қойылған. Әсіресе мұны біз Түркиядағы жоғары оқу орындарда жүйелі оқыту тәсілінен анық байқаймыз. Әйтпесе, бір кездері оларда да оқыту мәселесінде қиындықтар болғандығы байқалған еді. Ол әсіресе сана мәселесі деп бағаланған болатын. «Елімізде ауыз әдебиеті үлгілерін оқытып-үйретудің басында тұрған қиыншылықтардың бірі, - дейді Түркиялық фольклорист-ғалым Өзкул Чобаноғлы, - халыққа деген, фольклорға деген қисық көзқарас пен сана кемістігі еді» [7, 23-31].

Елімізде де тұрмыс-салт жырларын орта мектептерде түрлі әдіс-тәсілдермен оқытып жатқандығы белгілі. Алайда оның жоғарғы оқу орындарында жалғасын тауып, қолданбалы-практикалық негізде үйрету әдістемесі әлі күнге дейін өз кезегін күтіп тұрған өзекті мәселе. Қазақстанның жоғары оқу орындарында ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту әдістемелерінің жоқтығы оны үйретуге қолбайлау болып отырғандығы сөзсіз. Оның үстіне жоғары оқу орындарында ауыз әдебиеті үлгілерін дайындау, оларды оқыту, үйрету мәселесімен айналысатын орталықтар мен лабораториялардың болмауы да ұлттық құндылығымыз болып табылатын фольклорлық үлгілерді оқытуға кедергі келтіріп отыр.

Ауыз әдебиеті туындыларының шығу тегін, даму, жанрлық, көркемдік ерекшелігін анықтаудың жолдары мен тәсілдері мол. Фольклор шығармаларының әрбір жанрына тән өзгешеліктерді көне мұраны нақтылы зерттеу арқылы саралап сипаттауға болады. Сонымен қатар әр түрлі жанр ескерткіштерін бір-бірімен салыстыра қарау, олардың ортақ сарындарын, ұқсас үндестігін тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастыру да қызғылықты қорытындыларға әкелмек.

Ауыз әдебиеті мұрасының өзіндік өзгешелігін анықтауға аса қажет тәсілдің бірі – салыстырмалы-тарихи әдіс болмақ. Орыс фольклортану ғылымы ауыз әдебиеті шығармаларын осы тәсіл негізінде тексеріп, күрделі нәтижелерге жетіп жүргені белгілі. Шынында да фольклор материалына кең де, жүйелі салыстырулар жасамай, ондағы үндес қайталама фактілерді тексермей, олардың заңдылықтары мен ерекшеліктерін есепке алмай ауыз әдебиетінің табиғатын түсіну қиын [6, 3-4]. Осы тұрғыдан пайымдар болсақ салыстырмалы-салғастырмалы тарихи әдістің фольклорды үйретудегі рөлі зор болмақ. Түрік халықтарының тұрмыс-салт жырларындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерді пайымдап, олардың бір-біріне ауысу фактілерін де анықтау қызық тұжырымдарға жеткізуі мүмкін. Ол тек жеке мәселелерді ғана анықтауға көмектеспейді, сондай-ақ, жалпы әдеби үдерістер мен ғылыми тұжырымдарды түйіндеуге де көмек қолын созады.

Белгілі фольклорист-ғалым Б.Уақатов «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясында қазақ өлеңдерінің тұтас көрінісін, туу тарихы мен қатар тұрмыс-салт жырларын да жеке тарау етіп талдап, халық шығармашылығын классификациялау мәселесі – қазақ фольклористерінің алдында тұрған қиын да күрделі міндет екендігін ескерген [9]. Монография 1974 жылы кеңестік жылдары жазылып жарыққа шыққанымен, сол кездердегі цензуралық тосқауылдарға қарамастан, ғалым ойларын тұшымды да тартымды етіп, нақты тұжырымдар берген. Сондықтан да бұл еңбектің құндылығы артпаса кемімейді. Бұнда автор белгілі этнограф-ғалымдармен бірге жалпы фольклордағы тұрмыс-салт жырлары мен халық өлеңдерін зерттеген әр елдің ғалымдарының атын-атап қана қоймай, зерттеу еңбектерін салыстырмалы әдіспен саралайды әрі мысалдар келтіре отырып, үлгі етеді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиялық ерекшеліктерін анықтау арқылы жанрлық немесе түрлік типтердің араласу немесе бір-біріне сюжеттік көшулерін байыптауға мүмкіндік туады. Қазақтың тарихи дамуымен өмірге келген жырлардың көркемдігі мен эстетикалық құнарының сюжеттік алмасуы нәтижесінде қалайша өзгерістерге ұшырағандығы да оның типологиясын анықтауда маңызды

болып тұр. Ал бұл оны оқыту әдісін жетік меңгеріп, тіпті әдіс-тәсілдердің де конъюнктурасын жіктеп көрсетіде пайдалы болмақ.

Тұрмыс-салт жырларын оқытып-үйретудің енді бір жолы - тарихи-типологиялық әдіс дер едік. Түрлі жанр ескерткіштерін бір-бірімен салыстыра қарау, олардың ортақ сарындарын, ұқсас үндестігін тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастыру да қажетті қорытындыларға әкелмек. Түрлі халықтардың эпикалық мұрасын салыстыра тексеру арқылы маңызды жаңалықтар ашып отырғаны да өтірік емес.

Фольклордағы ұқсастық пен сәйкестіктің өзі типологиялық, генетикалық және тарихи-мәдени байланыстылық делініп, негізінде, үш жүйеге бөлінеді. Мұның алғашқысы неғұрлым кең тараған тұрақты фактор болып есептеледі. Сонымен қатар, туысқан халықтардың, дамуы жағынан түрлі сатыдағы жұрттардың, ұзақ уақыт бір-бірімен мәдени қарым-қатынаста болып келген көршілердің фольклорын салыстырып зерттеу де пайдалы болмақ.

Сондай-ақ, туыс халықтар фольклорындағы ауыс-түйістердің де анықталуы, олардың өзара сабақтастығы мәселелері де зерттеуді қажет етеді. Ол әсіресе Орта Азия, Кіші Азия, Сібір түркілері арасындағы фольклорлық үндестіктерді, жанрлық алмасуларды жіті тексеруге жетелейді.

Тұрмыс-салттық жырлардың заманауи болмысы - бұл орындаушылық дәстүрлерді қорғау, сақтау және дамыту ғана емес, сонымен қатар сабақтастықты жалғастыру, жанды шығармашылықты іске асыру болып табылады. Ол экспедициялық тәжірибемен де тығыз байланысты болып тұр: әсіресе, тұрмыс-салт жырларының үлгілерін аудио-визуалды және ноталық жазу түрінде көбейту; радио және телехабарлар, фильмдер арқылы көпшілікке тарату; конкурстар, фестивальдер (фольклорлық немесе этномәдени ансамбльдер), конференциялар, кітаптар, жинақтар мен дискілер шығару, ғылыми-зерттеу қызметі ісін арттыру арқылы ұлттық мұрамызды сана жаңғыруымен үйлестіре жалғастыра түсер едік. Тұрмыс-салт жырлары - қазақтың ұлттық сазгерлік шығармашылығының жаңа музыкалық шығармаларының қайнар көзі болып табылады.

**Қорытынды.** Қазақтың тұрмыс-салт жырлары - қазақ ұлттық танымының тамыры десек болғандай. Қазіргі үдемелі һәм қарқынды технологиялық дамудың адамзат дүниетанымына да өзгерістер әкелгені белгілі нәрсе. Ғаламдануды сылтау етіп, жылдам өзгеріп жатқан әлемде күшті ұлттар кіші ұлттарды жұтып қояр тұста алдымен көмекке келер нәрсе оның рухани байлығы, генетикалық күштілігі дер едік. Қазір көзі ашық қырақты оқырман ұлттық мүдденің қаншалықты маңызды екінін түсіне бастады. Ал ұлттың мықты болуы, мәңгі болуы оның ұлттық коды мен ұлттық бірегейлігінің сақталуында. Ұлттық код пен ұлттық бірегейліктің түбірі қазақтың тұрмыс-салт жырларында жатыр. Бұл жырлады жас буынға тек оқытып, жаттатып қана қоймай, оны үйретудің тәсілдерін меңгеруге зәру болып отырмыз. Тұрмыс-салт жырлары арқылы сақталған ұлттық код пен ұлттық бірегейліктің қазіргі замандағы маңызы мен бүгінгі күнгі жаңаша түрленген нұсқаларын компаративистикалық көзқараспен саралау орынды болмақ.

Зерттеуші Н.Қанағатова тұрмыс-салт жырларының кез келген түрінде мынадай қасиеттер сақталатынын ілгері тартады:

- халықтың тұрмысы;
- «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды аңсау сарыны;
- елдің арман-тілегін жеткізу;
- атадан балаға мирас болған ұлттың ғұрыптық құндылықтарға құрметпен қарау және сақтау амал-харекеті;
- Жырдың әуезі, мақам ерекшеліктері;
- Халықтың қошеметі;
- Тұрмыс-салт жырларының барша халыққа ортақ болуы, яғни қай нұсқаны болмасын, қай уақытта, нендей жағдайда да елдің әрбір азаматы қалауынша, керегінше пайдалана алады [10].

Задында, ұлттың ұлт ретінде өзінің болмысын сақтап қалуы мен жалғастыруында фольклорлық мұраның ерекше рөл атқарары кәміл. Осының бәрін ескере отырып, қазақ ғалымдары мүмкіндігінше, бар қал-қадірінше әлемдік және ұлттық фольклортану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, һәм оларды басшылыққа ала отырып, жаңа типтегі еңбектер жазады деп пайымдаймыз. Бұл еңбектердің жазылу концепциясына өзгерістер енгізілетіндігіне үміт басым.

Ал тұрмыс-салт жырларын жаңа буын өкілдеріне үйретудегі методологиялық ерекшеліктердің де жаңа сипат алуы қажет-ақ. Өйткені, бар мұраны тек ғылыми тұрғыдан пайымдай беруден еш нәтиже шықпайды. Ендігі кезекте оның қолданбалы-практикалық негізіне жүгінген жөн.

Қазіргі жастардың Батыс мәдениетіне бет бұрып, ұлттық құндылықтардан алшақтау бастауы, өз халқының ауыз әдебиеті үлгілерін місе тұтпағанынан деп пайымдаймыз. Жастардың патриоттық, отансүйгіштік қасиеттерін арттыру үшін міндетті түрде фольклорлық үлгілерді орынды пайдаланған жөн. Оны пайдаланып қана қоймай орта мектеппен қатар жоғары оқу орындарында дұрыс оқыту, санаға сіңіру мәселесін күн тәртібіне қою ісі өз-өзінен сұранып тұр.

Мәселенің бір ұшы Қазақстанның жоғары оқу орындарында фольклор үлгілерінің оқытылмауына келіп тіреліп тұр. Егер бұл мәселе жүйелі түрде жүзеге аспайтын болса, онда қазақ жастары осылайша өзге мәдени құндылықтарға бет бұрып, соларды санасына сіңіріп, өз қабығынан жери беретін болады.

Бұл үдерісті тоқтату – уақыт күттірмейтін мәселе. Жас буынның сана жаңғыруына ұлт болып кірісетін заман туды. Ол үлкен мемлекеттік мінберлерден де айтылып жүр. Жастардың тәрбиелік мәні зор ұлттық фольклорымызға бет бұруын ұйымдастыру ісін жоғары оқу орындарда жалғастыруымыз қажет.

Қазақтың тұрмыс-салт жырларын қазіргі таңда елімізде қарқынды дамытып отырған және соның негізінде жаңаша зерттеу концепцияларын ұсынып отырған ұлттық стратегиялық бағдарламалар және тұжырымдармен сабақтастыра зерттеген орынды деген пікірдеміз. Неге десеңіз, дүниеге келер жаңа еңбектер ұлт мүддесіне, оның идеологиялық негізіне айналуы қажет. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде тұрмыс-салт жырларын өмір иірімдеріне енгізу және жас буынға үйрету басты мақсат болмақ. Ал оның қазақ халқының рухани мұрасын одан сайын үдете түсеріне сенім мол.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры. (2014). Ұжымдық монография. – Алматы, 422 б.
- 2 Тоқтабай А. (2006). Түркі халықтарының этномәдениеті. – Алматы: Толағай, - 328 б.
- 3 Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. (2019). Қазақ фольклоры. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. - Алматы: ССК баспасы, -288 б.
- 4 Әбілқасымова К., Тамаев А. (2007). Қазақ фольклористикасы. Мектеп мұғалімдері мен студенттерге арналған хрестоматия. -Алматы: Білім баспасы, 240 б.
- 5 Сатыбалдин А. (2019). Қазақ фольклорының типологиясы және жанрларға саралау мәселесі. Халықаралық конференция материалдары. – Павлодар. <https://pspu.kz/modules/kaf/kil/images/pdf>
- 6 Қазақ фольклористикасының тарихы (Революцияға дейінгі кезең). (1988). Ұжымдық монография. - Алматы: Ғылым баспасы, - 432 б.
- 7 Çobanoğlu Ö. (2001). Türkiye’de Halkbilimi Eğitim ve Öğretiminde Karşılaşılan Güçlükler. Türkbilig Dergisi. Ankara, 23-31 s.
- 8 Қазақ фольклорының типологиясы. (2009). Ұжымдық монография. -Түркістан: Тұран баспасы, - 367 б.
- 9 Уақатов Б. (1974). Қазақтың халық өлеңдері. -Алматы: Ғылым, 209 б.
- 10 Қанағатова Н. (2020). Тұрмыс-салт жырларының ежелгі және заманауи нұсқаларының тарихи-мәдени контексті. Scientific E-journal. edu.e-history.kz, april-june, №1 (22).

References:

1. Qazaqstandaғы qazırғы zaman fõklory. (2014). Üjymdyq monografia. – Almaty, 422 b.
2. Toqtabai A. (2006). Türki halıqtarynyñ etnomädenietı. – Almaty: Tolağai, - 328 b.
3. Qasqabasov S.A., Aimūhambet J.Ä. (2019). Qazaq fõklory. Joğary oqu oryndaryna arnalğan oqulyq. - Almaty: SSK baspasy, -288 b.
4. Äbilqasymova K., Tamaev A. (2007). Qazaq fõkloristikasy. Mektep müğalımdery men studentterge arnalğan hrestomatia. -Almaty: Bilim baspasy, 240 b.
5. Satybaldin A. (2019). Qazaq fõklorynyñ tipologiasy және janrlarğa saralau мәselesı. Halıqaralyq konferensia materialdary. – Pavlodar. <https://pspu.kz/modules/kaf/kil/images/pdf>
6. Qazaq fõkloristikasynyñ tarihy (Revölüsiağa deingı kezeñ). (1988). Üjymdyq monografia. -Almaty: Ğylym baspasy, - 432 b.
7. Çobanoğlu Ö. (2001). Türkiye’de Halkbilimi Eğitim ve Öğretiminde Karşılaşılan Güçlükler. Türkbilig Dergisi. Ankara, 23-31 s.
8. Qazaq fõklorynyñ tipologiasy. (2009). Üjymdyq monografia. -Türkıstan: Tūran baspasy, - 367 b.
9. Uaqatov B. (1974). Qazaqtynñ halıq öleñderı. -Almaty: Ğylym, 209 b.
10. Qanağatova N. (2020). Tūrmys-salt jırlarynyñ ejelgi және zamanauı nūsqalarynyñ tarihi-mädeni konteksti. Scientific E-journal. edu.e-history.kz, april-june, №1 (22).

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.79>

*Исмаилова Ф.К.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

## **ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ КЕҢСЕ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН СТИЛІНІҢ ЕРЕКШЕКТЕРІ**

### *Аңдатпа*

Дипломатиялық стиль бірінші кезекте айқындық пен нақтылықты қажет етеді. Дипломатиялық тілдің ерекшелігі әр тақырыпқа сәйкес келетін әрбір сөз таңдалып алынады. Мақалада дипломатиялық тіл мен дипломатиялық құжаттарға назар аударылады. Олардың жіктелуін және негізгі ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада дипломатиялық іс жүргізу лексикасының ерекшеліктері қарастырылған. Дипломатиялық кеңсе